



2025 жылғы 21 шілде № 01-05-07/470

"Қазақстан қор биржасы" АҚ

ПРЕСС-РЕЛИЗ

Ғарыштық техника және технологиялар институты 2024 жылды қорытындылады: тұрақты өсу, цифрлық масштабтау және инвестициялық тартымдылық.

"Ғарыштық техника және технологиялар институты" ЖШС (бұдан әрі – Институт, "ҒТТИ" ЖШС) 2024 жылды оның стратегиялық тұрақтылығы мен жоғары инвестициялық әлеуетін көрсететін бірқатар негізгі жетістіктермен аяқтады. Институт ұлттық оператордың мәртебесін растай отырып, навигациялық пломбаларды қолдана отырып, тасымалдарды қадағалаудың ұлттық ақпараттық жүйесін дамыту жөніндегі ауқымды жобаны іске асыруды жалғастыруда. Дивидендтік төлемдердің оң тарихы, KASE листингтің болуы, бірінші деңгейдегі аудиттен өту және зияткерлік меншік түріндегі активтер жеке және институционалдық инвесторларды тарту үшін берік негіз қалыптастырады.

"2024 жыл Институт үшін Қазақстан Республикасы аумағының транзиттік-көліктік әлеуетін дамыту шеңберінде ғарыштық және жердегі радионавигациялық жүйелерді пайдалану міндеттерін шешуге бағытталған бірқатар маңызды, цифрлық және навигациялық жобалармен ерекшеленді", - деп атап өтті Бақылау кеңесінің төрағасы Қуандық Ислямұлы Шуленбаев. Ол сондай-ақ Бақылау кеңесі алдағы уақытта да ел мүдделерінің сақталуын және "ҒТТИ" ЖШС-де заманауи корпоративтік басқаруды дамытуды қамтамасыз ете отырып, тиімділік пен жауапкершілік қағидаттарын ұстанатынын атап өтті.

Өз кезегінде Институт Директоры Өскен Қарабайұлы Тойшыбеков: "Біз Институттың елдің стратегиялық міндеттеріне – отандық ғарыш ғылымы мен

өнеркәсібін дамытуға, салаларды цифрлық трансформациялауға және Қазақстанның технологиялық егемендігін нығайтуға қосқан үлесін күшейту мақсатына қарай жылжып жатырмыз", - деді.

2024 жылғы маңызды оқиғалар

Қаңтар. 1 Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 10 қаңтардағы 2024 жылғы №11/НҚ Бұйрығымен арнайы құқық субъектісімен - Институтпен орындалатын технологиялық тұрғыдағы қызметтермен байланысты қызметтер түрлерінің тізбесі, навигациялық құрылғылар мен ғарыштық техника, сымсыз байланыс, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, оның ішінде қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік мүдделері саласындағы ғылыми зерттеулер мен эксперименттік әзірлемелер, бекітілді.

Ақпан. Қаржылық есептілік алғаш рет ХҚЕС стандарттары бойынша жасалды;

Наурыз. Институт алғаш рет ҚР ғарыш саласы ұйымының қор нарығына шығуға бастамашы болды: "Транзит" жобасын — ЕАЭО шеңберіндегі тасымалдарды қадағалаудың ақпараттық жүйесін қаржыландыру үшін облигациялар шығару шарттары (Қазғарыш 2024 жылғы 29 наурыздағы № 182/НҚ бұйрығы) бекітілді. Облигацияларды тіркеуді ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі растады, қағаздар KASE баламалы алаңында сауда-саттыққа жіберілді. Институт борыштық құралдары Қазақстанның қор биржасының листингінен өткен алғашқы ғылыми ұйым болды;

Сәуір. Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінде электрондық сәйкестендіргіштерді (*навигациялық пломбаларды*) пайдалана отырып, Халықаралық автомобиль тасымалдарын қадағалау жөніндегі Қызметтерге тарифтер келісілді;

Мамыр. Мемлекеттік органдардың сұрау салуы бойынша Институт "SOS-ТУРИСТ" ақпараттық жүйесі бойынша техникалық-технологиялық шешім әзірледі, Алматы таулы кластерінде сынақтар жүргізілді;

Маусым. Институт "Радионавигация" Мемлекетаралық Кеңесінің 61-ші отырысын өткізуді және ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің 2023 – 2026 жылдарға арналған Мемлекетаралық радионавигациялық бағдарламасының Ұлттық мемлекеттік тапсырыс берушілерін ұйымдастырушы болып айқындалды. Кеңес ғарыштық және жердегі радионавигациялық жүйелерді дамыту және пайдалану, ТМД-на қатысушы мемлекеттерде көлікті басқару жүйелерін құру

мәселелері бойынша ынтымақтастықтың басым бағыттарын іске асыруда бірыңғай саясатты айқындайды және жүргізеді;

Шілде. ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің қызметкерлері үшін "Транзит" жобасы бойынша оқыту семинарлары өткізілді;

Тамыз. Эксперименттік үлгі навигациялық құрылғы (пломба) жасалды, пайдалы модельге патент алынды;

Қыркүйек. ҚР Үкіметінің 2024 жылғы 10 қыркүйектегі № 731 қаулысымен Институт ресми түрде тасымалдарды бақылау ақпараттық жүйесінің ұлттық операторы болып белгіленді;

Қазан. Тәуелсіз бағалаушы "Транзит" жүйесінің бағдарламалық қамтамасыз ету құнын бағалауды жүргізді, құны шығындық әдісі негізінде 755 млн теңгеге айқындалды;

Қараша. "Көлік туралы" ҚР Заңына түзетулер қабылданды, онда навигациялық пломбаларды қолдана отырып бақылау объектілері бекітілді. Институттың штаттық құрылымына Функционалдық талдау жүргізілді, саны 498,5 бірлік жаңа штат бекітілді;

Желтоқсан. Монополияға қарсы органға қызметтің қосымша түрін — навигациялық құрылғылар (пломбалар) шығару туралы өтінішхат жолданды.

Даму жоспарын және KPI орындау

2024 жылдың қорытындысы бойынша Институт тұрақты қаржылық көрсеткіштер мен тұрақты дамуды көрсетті. "Транзит" жобасын іске қосудың 2025 жылға ауыстырылуына қарамастан, кірістер жөніндегі жоспардың орындалуы жоспарланған мәндердің 95% - құрады. Қызметтің барлық негізгі көрсеткіштері (KPI) белгіленген нормалар шегінде орындалды.

Институт орнықты кірістілік саясатын жалғастыруда: 2024 жылы таза табыстың 100% – ы 43 127 484 теңге мөлшерінде республикалық бюджетке жіберілді (2023 жылы - 49 670 711 теңге). Бұл ретте түсімдердің жалпы көлеміндегі бюджеттік қаржыландыру үлесі 9% - ғана құрады (1 270 877 мың теңгенің 114 758 мың теңгесі), бұл Институттың мемлекеттік субсидияларға тәуелділігінің төмен деңгейін растайды.

Институттың қаржылық жағдайы тұрақты болып қала береді: соңғы үш жыл ішінде табыстылықтың оң серпіні мен дивидендтік төлемдердің тұрақтылығы сақталып келеді.

Активтер және адам ресурстары

2024 жылы Институттың негізгі ресурстары "Транзит" жобасын жүзеге асыруға бағытталған.

Көрсеткіштер (мың теңге, адам)	Факт		Өзгерістер
	2023 ж.	2024 ж.	
Барлығы активтер	490 222	1 195 992	144%
Ақшалай қаражат	150 936	100 528	-33%
Негізгі құралдар	226 987	258 937	14%
Материалдық емес активтер	20 519	737 110	3 492%
Басқа активтер	91 780	99 417	8%
Қызметкерлердің орташа тізімдік саны	92 адам (35% әйелдер, 65% еркектер)	93 адам (33% әйелдер, 67% еркектер)	1%
Басқару аппараты	14	12	-14%
Транзит АЖ	19	30	58%
ААПП МААЖ	29	24	-17%
Ғылыми-техникалық блок	21	17	-19%
Өндірістік-шаруашылық персонал	9	10	11%

"Транзит" жобасын іске қосу

Еуразиялық экономикалық комиссияның жоғары деңгейдегі кеңесінің қорытындысы бойынша қабылданған 2025 жылғы 30 мамырдағы № 8-РД хаттамасына сәйкес "Транзит" ақпараттық жүйесін толық көлемде іске қосу 2025 жылдың қыркүйегіне жоспарланған. Оның жұмыс істеуінің басталуымен бақыланатын тасымалдар көлемінің бірнеше есе ұлғаюы күтілуде, бұл өз кезегінде салық түсімдерінің өсуіне, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде тауарлардың өткізілуінің ашықтығы мен қадағалануының күшеюіне әкеледі.

"Транзит" тасымалдарды қадағалау жүйесін енгізу кезеңдері

Бірінші кезең – жүйені іске қосу туралы ЕЭК шешімі ресми күшіне енгеннен кейін 10 күнтізбелік күннен кейін алкоголь өнімінің, темекі мен темекі өнімдерінің, сондай-ақ ЕАЭО-на мүше жекелеген мемлекеттер оларға қатысты арнайы экономикалық шаралар қолданатын тауарлардың қозғалысын қадағалау басталады.

Екінші кезең – ЕЭК шешімінің қолданылу мерзімінен 180 күнтізбелік күн өткен соң жүйе киім, аяқ киім, тұрмыстық электроника, ұялы телефондар, теледидарлар және басқа да тауарларды қоса алғанда, халық тұтынатын тауарлардың кең спектрін тасымалдауды қадағалай бастайды.

Үшінші кезең - шешімді іске асыру басталған сәттен бастап 480 күнтізбелік күннен кейін тауарлардың қалған санаттарын қадағалау басталады.

Тауарлар бойынша жоғарыда ұсынылған ақпарат толық емес, тасымалдарды қадағалау үшін Еуразиялық экономикалық одақта навигациялық пломбаларды қолдану туралы Келісімнің 18-бабында толығырақ.

2025-2027 жылдарға арналған стратегиялық бағыттар

Жүк тасымалдаушыларды мамандандырылған пайдалы жүктемесі бар навигациялық пломбалармен жарақтандыруды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының аумағындағы барлық транзиттік маршруттарды, өткізу пункттерін және уақытша сақтау қоймаларын қамти отырып, "Транзит" ақпараттық жүйесін масштаптау;

Жасанды интеллект технологияларын қолдана отырып, "ААІШІ" және "Транзит" мемлекеттік ақпараттық жүйелерінің функционалдығын кеңейту;

IoT шешімдерін енгізу арқылы қамту аймағын ұлғайту және деректерді жіберу каналдарын резервтеу.

Қолданыстағы жаһандық навигациялық спутниктік жүйелерді толықтыратын балама координаттық-уақыттық қамтамасыз ету жүйесін құру;

ТМД-на қатысушы мемлекеттердің Мемлекетаралық радионавигациялық бағдарламасын іске асыру;

Бірлескен ғылыми жобаларды коммерцияландыру және жаһандық зерттеу бастамаларына қатысу арқылы қызметкерлердің халықаралық ынтымақтастығы мен ғылыми әлеуетін дамыту.

Бақылау кеңесі құрамындағы өзгерістер

2024 жылғы 22 ақпанда "ҒТТИ" ЖШС Бақылау кеңесінің құрамы бекітілді:

Ибраимов Ғалымжан Уәлханұлы – Бақылау кеңесінің тәуелсіз мүшесі, бұған дейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының орынбасары (ҚР ҚМ ММЖК) қызметін (12 жылдан астам) атқарған;

Тілеубергенов Олжас Жайылқанұлы - Бақылау кеңесінің мүшесі, ҚР ҚМ ММЖК өкілі, 2021 жылғы маусымнан бастап Мемлекеттік емес заңды тұлғалармен жұмыс басқармасының бас сарапшысы болып жұмыс істейді;

Ерден Қайыржанұлы Ибраев - Бақылау кеңесінің төрағасы, Аэроғарыш комитеті (Қазғарыш) төрағасының орынбасары.

Жалғыз қатысушының шешімімен (Қазғарыш 2024 жылғы 09 қыркүйектегі № 550/НҚ бұйрығы) кадрлық өзгерістерге байланысты Е.Қ. Ибраевтің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды және Бақылау кеңесінің құрамына ғарыш саласында 11 жылдан астам тәжірибесі бар, қызметін "Қазақстан Ғарыш Сапары" Ұлттық компаниясы" АҚ-да маман лауазымында бастаған, Қазғарыш төрағасының жетекшілік ететін орынбасары Қуандық Ислямұлы Шуленбаев енгізілді.

Атқарушы орган құрамындағы өзгерістер

2023 жылғы 18 қазаннан бастап Институт Директоры қызметін Р.С. Буралхиева атқарды. Жалғыз қатысушының 2024 жылғы 28 қазандағы шешімімен оның өкілеттігі тараптардың келісімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылды. 2024 жылғы 29 қазаннан бастап ғарыш саласында 14 жылдан астам тәжірибесі бар Ө.Қ. Тойшыбеков Директор болып тағайындалды. Ол бас маманнан "Қазақстан Ғарыш Сапары" АҚ Басқарма төрағасының орынбасарына дейін кәсіби жолдан өтті.

Аудиторлық қорытынды және қаржылық есептілік

Осы пресс-релиз 2024 жылғы жылдық қаржылық есептілікпен, сондай-ақ тәуелсіз сыртқы аудитордың қорытындысымен сүйемелденеді. Барлық материалдар Институттың ресми интернет-ресурсында қолжетімді: www.istt.kz.

Қаржыландыру көздерінің өтімділігі және әртараптандырылуы

Институт өзінің беделі мен жалғыз қатысушы – Қазғарыштың мүдделеріне нұқсан келтірмей, барлық қаржылық міндеттемелердің уақтылы орындалуын қамтамасыз ете отырып, өтімділікті басқарудың тиімді стратегиясын іске асырады.

Қаржыландыру көздерін әртараптандыру шеңберінде 2024 жылы Еуразиялық даму банкін (ЕАДБ) қоса алғанда, Халықаралық қаржы институттарымен ынтымақтастық орнатуға бастамашылық жасалды. МРБ-2026 міндеттерін орындау шеңберінде "ЖНСЖ (ГНСС) радионавигациялық өрісінің сапасы және ТМД елдерінің маңызды объектілері аудандарындағы кедергілердің әрекеттері

туралы тұтынушыларды мониторингтеу және хабардар ету жүйесін әзірлеу" жобасын қаржыландыруға өтінім берілді.

Қоғамдық бақылау объектісі

Институт қолданыстағы заңнама шеңберінде өзара іс-қимылға дайындығын растайды. Аумаққа және үй-жайларға бару Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 2 қазандағы № 30-VIII ҚРЗ "Қоғамдық бақылау туралы" Заңына сәйкес алдын ала жазбаша келісу кезінде мүмкін болады.

Институт сонымен қатар институционалдық инвесторлармен және талдаушылармен диалогқа ашық.

Байланыс ақпараты: "Ғарыштық техника және технологиялар институты" ЖШС

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., 050061, Кисловодская к-сі, 34

Тел.: +7 (727) 390-34-88, +7 (727) 221-77-95

E-mail: info@istt.kz

Интернет-ресурс: www.istt.kz

Байланыс тұлғасы: Токмурзин Эрнест Маратұлы, Басқарма аппаратының басшысы.

Институт туралы қысқаша

Институт 2013 жылғы 23 қарашада ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметті, оның ішінде зымыран-ғарыш техникасын өндіруді, пайдалануды және жаңғыртуды, сондай-ақ жерүсті инфрақұрылымын (оның ішінде полигондарды, командалық-өлшеу кешендерін, стендтік базаларды және т.б.) пайдалануды жүзеге асыруға мемлекеттік лицензияға ие.

Институт ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің субъектісі ретінде аккредиттелген, ол 2024 жылғы 13 тамызда ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі берген куәлікпен расталады.

"Инновациялық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағының қатысушысы болып табылады.

KASE Листингтік комиссиясының шешімімен Институттың облигациялары (ISIN – KZ2P00012115) "баламалы" алаңында "борыштық бағалы қағаздар" секторының "облигациялар" санаты бойынша ресми тізімге енгізілген.

Қосымша ақпарат алу үшін мына сайтқа кіріңіз: www.istt.kz

Болашақ туралы мәлімдемелер

Осы құжатта жарияланған күні расталған фактілер болып табылатын мәліметтерді қоспағанда, болжамды ретінде қаралуы мүмкін мәлімдемелер қамтылады. Тарихи фактілерге жатпайтын барлық мәлімдемелер, соның ішінде болжамдар, бағалаулар, ниеттер, күтулер және жорамалдар болашақ туралы мәлімдемелер болып табылады.

Мұндай болжамды мәлімдемелер бірқатар белгілі және белгісіз тәуекелдермен, белгісіздіктермен және басқа факторлармен байланысты екенін ескеру қажет, олардың көпшілігі Институттың бақылауынан тыс. Бұл нақты нәтижелер мен осындай мәлімдемелерде айтылған немесе болжанған нәтижелер арасында елеулі алшақтыққа әкелуі мүмкін.

Болжамдық бағалау ағымдағы және болашақ стратегияларға, сондай-ақ Институт жұмыс істейтін сыртқы орта жағдайларына қатысты болжамдарға негізделеді. Атап айтқанда, мұндай болжамдар макроэкономикалық және салалық тенденцияларға, реттеуші өріске, технологиялық өзгерістерге, бәсекелестік ортаға және толық сенімділікпен болжау мүмкін емес басқа жағдайларға әсер етеді.

Осы құжатта қамтылған болжамдар туралы ақпарат тек оның жарияланған күніне ғана ұсынылады. Институт сыртқы жағдайлардың, ішкі стратегиялық шешімдердің, экономикалық конъюнктураның немесе Институттың өзгерген үміттерін қоса алғанда, басқа факторлардың өзгеруіне байланысты оны өзектендіру немесе түзету бойынша ешқандай міндеттемелер қабылдамайды.

Осылайша, жарияланған мақсаттарға немесе нәтижелерге нақты қол жеткізілетініне ешқандай кепілдік берілмейді, және болжамды көрсеткіштер мен нақты көрсеткіштер арасындағы кез келген айырмашылықтар Институттың, оның үлестес болған құрылымдарының, лауазымды тұлғаларының немесе кеңесшілерінің қателігі, кемшілігі немесе шын еместігі интерпретация ретінде қарастырылмайды.

Директор



Ө. Тойшыбеков